

**Хромтау тау – кен техникалық жоғары колледжінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы
Хурметбек Күннұр Құрметбекқызының
аналитикалық есебі**

Мен, Хурметбек Күннұр Құрметбекқызы 2012 жылы «Аударма ісі» мамандығы бойынша Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетін аяқтадым.

Жалпы жұмыс өтілім – 5,8 ай

Жалпы педагогикалық өтілім – 4,7 ай

ХТКТЖК-дағы жұмыс өтілі – 4,7 жыл

2016 жылдың 2 – ші қыркүйінен бастап Хромтау тау-кен Жоғары колледжінде жұмыс жасап келемін. Мен «Арнайы пәндерді (модульдерді) ағылшын тілінде CLIL, TBLT әдістемелері және BORPPS моделінің интеграциясы негізінде оқыту» тақырыбында творчестволық топ жетекшісімін. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңгі өсіп келе жатқан жастарымыздың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Осы орайда колледжде өз жұмысыма тиянақты, ұқыпты қараймын. Колледжіміздегі барлық іс –шараларға белсене қатысамын. Колледждегі әріптестерімнің сабақтарына қатысып, үздіксіз білім беру курстарында алған білімдерімді өз әріптестеріммен бөлісемін. Заман талабына сай әр сабақты жаңаша жоспарлап отырамын. Сабақта топтық, жұптық жұмыстар ұйымдастырамын. Студенттерім сабаққа ынтасын танытып, еркін сөйлеп, берілген тапсырмалармен жаттығуларды емін еркін жасай алады.

Педагогикалық қызметтің негізгі мақсаттары:

Студенттерді оқыту, тәрбиелеу;

Оқу процесінің сапасын арттыру;

Өз қызметінде студенттердің танымдық ойлауы мен тұлғалық сферасының әдістерін қолдану;

Оқу үрдісінде оқытудың озық әдістерін сыни ойлау тәсілдері ретінде қолдану

Міндеттері:

Оқытудың инновациялық технологияларын енгізу негізінде жалпы білім беру және жалпы техникалық пәндерді оқыту сапасын арттыру үшін ЦБР қолдану; Студенттердің зерттеу қызметін арттыру бойынша жұмыс.

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту және студенттердің танымдық қызметін жандандыру үшін қажетті жағдайлар жасау.

Күтілетін нәтижелер:

Оқыту үдерісіне қызығушылықты арттыру;

Білім алушылардың білім сапасын арттыру.

Оқу-тәрбие қызметі.

Өз сабағымда М.М. Жанпеисованың модульдік оқыту технологиясын қолданып, білімді бағалаудың рейтингтік жүйесін және сабақтың құрылымын П.С. Гранкин тұжырымдамасына сәйкес қолданамын және ақпараттық –коммуникациялық технологиялар, сандық білім беру ресурстары (ЦБР), CLIL (КЛИЛ). Ағылшын тілі пәні сабағында да әр түрлі оқыту технологияларының элементтерін пайдалану өте тиімді.

1. Дамыта оқыту технологиялары;
2. Саралап және даралап оқытуға негізделген педагогикалық технологиялар;
3. Тақырып бойынша тірек конспект қолдана оқыту;
4. Ойын технологиялары;
5. Ақпараттық коммуникативтік технологиялары;

Мультимедиа, электронды оқулықтар мүмкіндіктерін қолдану ағылшын тілі пәні сабақтарын дәстүрлі емес сабақтар деңгейіне көтере алады, оның ішінде кіріктірілген сабақтарды ұйымдастырып өткізетін педагог-эксперт.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педагогтері мен әдіскерлерінің кәсіби күзиреттілігін жетілдіру, 72 с.

«Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында 36 сағат көлемінде қашықтықтан біліктілік арттыру курсы.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қашықтықтан оқыту: контентін құрудан бастап оқу процесін ұйымдастыруға дейін» тақырыбында 36 с.

«Ағылшын тілі» жалпы білім беру пәнінен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру (аймақтық тренерлер) 80с.

«Модуль 1. Кәсіпкерлікке үйрету, кәсіпкерлік білім.

Модуль 2. Онлайн оқыту, онлайн оқытудағы құралдар, интерактивті әдістер» 36 с.көлемінде біліктілік артыру курстарынан өттім.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс.

Облыс деңгейінде жұмыс тәжірибеммен бөлістім: 2020 жылы Ақтөбе облысы "Өрлеу" БАҰО АҚ ағылшын тілі пәні бойынша оқу құралдарын әзірлеушімін «Анықтамалар және терминдер әдістемелік ұсынымдар», «Ағылшын тілі пәнінен презентация және видео жинағы» электрондық ортасы Ақтөбе облысы ҒТО.

Өз жұмысымда өзімнің кәсіби шеберлігімді үнемі жетілдіріп отырамын, әріптестерімнің сабақтарына қатысып, еліміздің оқытушыларының озық тәжірибелерін зерделеймін. Сонымен қатар әр түрлі халықаралық, облыс және аудан көлемінде өтіп жатқан жарыстарға қатысып Алғыс хат, дипломдарға ие болдым.

Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша «Ағылшын тілі» пәні бойынша бейне сабақтарымды облыс деңгейінде Ақтөбе ТЖКБ Telegram ДОТ арнасына, білім басқармасының Youtube арнасына, сондай-ақ Хромтау Youtube арнасына жарияланған.

Ғылыми-зерттеу қызметі.

Студенттерім «OCEAN OF KNOWLEDGE: ОКЕАН ЗНАНИЙ» атты студенттерге арналған халықаралық жобада 1 дәрежелі дипломмен, EXORTUM II INERNATIONAL SCIENTIFIC COMPETITION – атты студенттерге арналған халықаралық жобада 2 дәрежелі диплом иегерлері атанды.

Всероссийская олимпиада по Английскому языку Щербак А., Зарипова Д. II орын иелінді.

Мен үнемі студенттерді адал болуға, ұйымшыл, батыл болуға шақырып отырамын. Білім алушылардың қазақ халқының іргесін ешқашан ыдыратпай, тілімізді, әдет – ғұрпымызды мақтан ететіп отруына әрдайым ықпал жасап отырамын.

Сабақтан тыс жұмыс.

Сондай-ақ, пән бойынша сабақтан тыс колледжішілік сайыстар жүргіземін: ағылшын тілінен «English time» атты клуб жетекшілігін атқарамын: «Brain ring», «We love English», «Lets speak English» және т.б. байқаулар өткіземін.

Оқытушының кәсіби қызметінің нәтижелігі.

Сабақтың ойластырылған ішкі логикасы, ғылыми көзқарас және оқылатын материалды баяндауда қол жетімділік оқуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, әкімшілік дене тәрбиесі бойынша өткізетін бақылау нәтижесі: №101/3,102,102/2,103,104,105 топ студенттерінің білім үлгерімі 100% , білім сапасы 70% - тен 77% - ға дейін өсті.

Кәсіби шеберлікті арттыру.

- Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және латын графикасын халық арасында насихаттау мақсатында 30 тамыз конституция күніне орай өткізілген «Туған тілім – тұғырым, Ата Заңым - айбыным» аудандық эссе байқауы, «Алғыс хат», 30 тамыз, 2019ж.
- 2 қазан «Кәсіптік және техникалық білім беру күні» және «Мұғалімдер күніне» орай «Алғыс хат», Хромтау ауданының әкімі Н.С. Алдияров, 2019ж.
- «OCEAN OF KNOWLEDGE: ОКЕАН ЗНАНИЙ» атты халықаралық жобаға студенттерді дайындағаны үшін «Алғыс хат», Ниш қаласы, Сербия Республикасы, 30 қараша, 2019ж.
- «Үздік онлайн – сабақ» атты облыстық байқауы, I дәрежелі Диплом, Ақтөбе, 2020ж.
- Заман талаптарына жауап беретін жаңа жетістіктерге жетелеудегі іскерігі бен кәсіби шеберлігі үшін – «Алғыс хат», Ақтөбе облысының білім басқармасы, 2020ж.
- Халықаралық Ағылшын тілінен ұстаздар арасындағы «Зияткерлік олимпиада-2020», “Ustaz tilegi” Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы, 11.09.2020ж., III дәрежелі ДИПЛОМ.
- EXORTUM II INERNATIONAL SCIENTIFIC COMPETITION, халықаралық жобаға студенттерді дайындағаны үшін – Нұр-Сұлтан,25.12.2020ж., Сертификат.
- Ағылшын тілі пәні оқытушылар арасындағы облыстық пәндік олимпиада – Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, сәуір 2020ж.